

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
АРНАЙЫ ЖӘНЕ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУДЫҢ ҰЛТТЫҚ  
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ**

## **БАЛА ТІЛІ - БАЛ**

**Мектеп жасына дейінгі балалардың сөздігі**

**Алматы 2021**

УДК 376  
ББК 74.3  
Б22

Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың ұлттық ғылыми-практикалық орталығының ғылыми-әдістемелік кеңесімен мақұлданып, ұсынылған (2021 жылдың қазан айының 20-дағы № 31 хаттамасы).

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Мектепке дейінгі және орта білім беру Комитеті қолдануға ұсынған (2022 жылдың наурыз айының 10-дағы № 18-3/55-И хаты).

**Рецензенттер:**

**Оразаева Г.С.** – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент

**Жомартова Ж.М.** – педагогика магистрі, АИБД ҰҒПО-ның әдіскері.

**Құрастырушы-авторлар:**

**Тасжурекова Ж.Т.** – АИБД ҰҒПО-ның Қазақ тілінде оқитын ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларға арнайы білім беру зертханасының меңгерушісі, п.ғ.к., доцент;

**Ибатова Г.Б.** – аға ғылыми қызметкер, педагогика магистрі;

**Оспанова А.С.** – аға ғылыми қызметкер, дефектология магистрі.

Бала тілі-бал. Мектеп жасына дейінгі балалардың сөздігі /құраст.: Тасжурекова Ж.Т., Ибатова Г.Б., Оспанова А.С. – Алматы АИБД ҰҒПО, 2021. – 44 б.

ISBN 978-601-08-1736-4

«Бала тілі - бал» сөздігін құрастыру барысында бала тіліндегі ерекше мысал үлгілері жазылып алынды. Алынған мысалдар баланың қоршаған ортасымен, отбасымен, туыстық жақындармен тілдік байланыс орнату кезінде айтылған мысалдары. Шағын мысалдар жағдаяттар барысында баланың тығырықтан шығу үшін қолданған тәсілі ретіндегі мысалдары, психологиялық жағдаяттарға сәйкес туындаған мысалдар қатары екенін бақылауға болады.

Мысалдар диалог түрінде даярланды. Баланың ойын оқырман түсінетіндей құрастырылып, қолданған сөздік материалының да мағынасы ашылуына көңіл бөлінді. Сөздік 2,5-6 жасар балалардың тұрмыстық өмірінен, балабақша өмірінен, қонаққа бару сәті, ата-анасымен қарым-қатынасы, ата-апасы, аға, әпкесімен болған т.б. шағын әңгіме, екеуара диалог түріндегі сипатта ой өрбіді. Бүгінгі күнге дейін дайын сөздіктер саны - 200 мысалды құрады. Бала тіліндегі сөздіктердің бірқатары табиғат құбылыстары, қоршаған орта ұғымдарына да негізделген.

Сөздік мектепке дейінгі мекемелердің әдіскерлері мен тәрбиешілері, психологтары мен ата-аналары, баланың сөйлеу тілінің дамуына, белсенділігіне мүдделі барлық тұлғаларға пайдалы болады деп сенеміз.

УДК 376  
ББК 74.3

ISBN 978-601-08-1736-4

©АИБД ҰҒПО, 2021

© Тасжурекова Ж.Т., Ибатова Г.Б., Оспанова А.С., 2021

## АЛҒЫ СӨЗ

Қазақ тілінде оқитын ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларға арнайы және инклюзивті білім беру зертханасы қызметкерлерінің «Ерте және мектепке дейінгі жастағы балалардың сөйлеу тілі онтогенезі барысында ана тілінің тілдік жүйесінің қалыптасуы» тақырыбы бойынша жүргізілген ғылыми ізденістер барысында «Бала тілі-бал» сөздігін толықтыру үшін ерекше мысал үлгілерін жинақтау жұмысы жалғастырылды.

Сөздікті қайта құрастырудағы мақсат- ана тілін бала қалай меңгеруде? деген сұраққа жауап алу. Мұндағы іріктелген мысалдар, ерте және мектеп жасына дейінгі балалардағы ана тілінің тілдік жүйесінің қалыптасу ерекшеліктерін зерттеуге мүмкіндік берді.

Бала тілінде анықталған «ерекше сөздері» белгілі бір жағдайда ғана емес, басқа кезде де қайталануы мүмкін екендігіне көз жетті. Сондай-ақ балалардың өз ана тілін меңгере қоймаған «табиғи жағдайлары» да қарастырылды. Балалардың сөйлеу тіліндегі ерекшеліктерін анықтау және талдау болашақта осындай қателіктердің алдын алуға және түзетудің озық әдістерін құрастыру үшін қажет.

Балалардың сөйлеу тілдегі сөздіктері бұрыннан қалыптасқандығы Американдық ғалымдардың зерттеу еңбектерінен мәлім. Сондай-ақ әлем елдерінің көпшілігінде бала тілін зерттеу нәтижелері ұсынылып, сөйлеу тілінің халықаралық деректер қоры құрылған.

Зерттеу жұмыстарын жүргізуге Ресейлік ғалымдардың осы бағыттағы жұмыстары, атап айтқанда С.Н.Цейтлиннің "Балаларға білім беру инновацияларының сөздігі"(2002ж), ерекше қызығушылық тудырады. Мұнда балалардың сөзжасамдық инновациялары – бала тілінде сөз деңгейіндегі мәртебеге ие болған, өздері құрастырған және жалпы қолданылмайтын лексикалық бірліктер (нормативті, яғни «ересектер» тілінде жоқ) ұсынылған. Сөздікті құрастырудағы мақсат – балалардың сөзжасам инновацияларының ішкі тілдік бағдарламалануын анықтау және көрсету. Ақпарат берушілердің жас мөлшері: 3- 8 жастағы балалар.

Сондай-ақ, В.К. Харченконың "Қазіргі балалар тілінің сөздігі" (2005ж) еңбегінің маңыздылығын атап өткен жөн. Бұл сөздікте бала тілінің ресми және семантикалық әртүрлілігін көрсететін 10 мыңға жуық сөздер мен 15 мыңнан астам бала тіліндегі мысалдары жинақталған. Мақсаты – бала тіліндегі сөйлеу ерекшеліктерін, оның дамуы мен шығармашылық

әлеуетін, бүлдіршіндердің өсу деңгейін көрсету. Таралымы кең ауқымды, оқырмандар мен зерттеушілерге арналған.

Орыс ғалымдарының пікірінше, балалар инновациясының лингвистикалық механизмін талдау сөйлеу тілінің сөзжасамдық, морфологиялық, лексикалық және семантикалық жүйелерінің мәнін ашады. Бұл жеке тұлғаның сөйлеу әрекетін басқару ережелерінің ішкі иерархиясын анықтауға, сондай-ақ әр түрлі деңгейде қолданылатын тыйым салу мен шектеулерді жүзеге асыруға, жеке сөздердің «деривациялық мүмкіндігін» және тұтастай алғанда - қандай да бір себептермен нормативтік ("ересектер") тілінде қолданылмағандығын анықтауға көмектеседі.

Қазақстанда «Бала тілі-бал» сөздігі 1996 жылы жинақталып ұсынылған. Сәби сөздері, әзілдер/ Құраст.: Р. Әдуов, Т. Жарқынбекова.-Алматы: Балау-са баспасынан жарық көрген.

Біз ұсынатын сөздік зертхана қызметкерлерінің еңбегімен жинақталған бала тіліндегі деректер қоры ғана емес, сонымен қатар журналдар мен ғаламтордан алынған материалдарда қамтылды. «Бала тілі» картотекасының негізін 2019-2021 жылдар ішінде жинақталған материалдар құрайды.

Сөздікте 2 жастан 6 жасқа дейінгі «бала тіліндегі» 200-ге жуық мысалдары жинақталған, олардың басым көпшілігі бұрын-соңды ешқандай баспада жарияланбаған. Бала мысалдары материалдар картотекаларында ересек адам мен бала арасындағы диалог түрінде берілді. Нақты дәлдік пен шыннайы жазылған мысалдарға автордың пікірі берілмеді. Ескеретін жағдай, сөздік материалдары құрылымы жағынан жүйеленбеген тек, бала тіліндегі сөздер тобының материалдары келесі бағыттар бойынша жинақталды: баланы қоршаған ересектер әлемі; құстар мен жануарлар; табиғат көріністері; ойыншықтар; тамақтар; ұйқы; қозғалыс; серуендеу; киім және аяқ киім; заттың құлауы: заттың жоғалуы; заттың орны; заттың құны; транспорт; шомылу; тұрмыстық заттар; табиғи қажеттіліктер; жай-күйге, жағдайға қатысты; кейбір әрекеттер мен ниеттерге қатысты; келісімге қатысты, этикет фразалары; тыйым салу; теріс қылық үшін жазалау.

Сөздік бойынша қазақ тілінде оқитын ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларға арнайы және инклюзивті білім беру зертханасының қызметкерлері: Ж.Т.Тасжүрекова (зертхана меңгерушісі), Г.Б.Ибатова, А.С.Оспанова, Ж.К.Ахмадиева және Б.А.Рахманбергеновалар жұмыс жасады.

Ұсынылған материалдар тек лингвистер үшін ғана емес, сонымен қатар психологтар, логопедтер, бастауыш және қазақ тілінің мұғалімдері, сөйлеу тілін түзете-дамытумен айналысатын мамандар үшін, осы мәселеге қызығушылық танытатын ата-аналар үшін де маңызды болмақ.

Осы орайда, Қазақстандағы балалардың сөйлеу тілінің онтогенезде дамуын зерттеу идеясын ұсынған п.ғ.д., профессор Р.А. Сүлейменовқа зор алғысымызды білдіреміз. Р.А.Сүлейменованың көрегендігі мен

шығармашылық белсенділігі, озық тәжірбиесінің арқасында 2006 жылы қазақ тілді зертхана құрылып, кейіннен ерте және мектеп жасына дейінгі балалардың ана тілін меңгеру ерекшеліктерін зерттеу бойынша ғылыми ізденістер басталды.

Зертхана ұжымы бала тіліндегі мысалдар мен сөзжасамдық инновацияларды жинақтау бойынша ізденісін әрі қарай да жалғастырады. Сөздіктің келесі шығарылымы мазмұны мен құрылымы жағынан әлі де жетілдіріліп, лексикалық тақырыптық бағыттар бойынша жүйеленіп, басылымға жарияланатынына сенімді.

Бастапқы деректер қорының көлемі бала тілі қолданысындағы сөзжасамдық модельдерді анықтауға, әртүрлі балалардың лингвистикалық әлеуетінің өсу деңгейін сипаттауға, ана тілін меңгеруде түрлі стратегияларды қолдануын бақылауға, сондай-ақ осы стратегияларды жүзеге асырудың заманауи әдістерін қолдануға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, ерте және мектеп жасына дейінгі әр түрлі балалардың сөйлеу тілінің жағдайы мен сөйлесу әрекетінің өнімдерін салыстырмалы талдау деректері қалыпты және патологиялық жағдайдағы балалардың сөйлеу тілін түзете-дамыту мәселесімен айналысатын мамандар үшін де маңызды болып саналады.

## СӘБИЛЕРДІҢ КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРІНДЕГІ ҚЫЗЫҚТЫ ЖАҒДАЯТТАРЫНДАҒЫ СӨЗ МЫСАЛДАРЫ

1. Әкесімен бірге машинамен серуенге шыққан Сәния қисық жолмен жүргенде:

- Әке неге қызық жол болып кетті?-дейді.

Әкесі:

- Қисық жол ғой, қызым.

Сания:

- Әке «біз қайыстық қой», - деді. (Сәния 5жас 3 ай).

\*\*\*\*\*

2. Айсұлу әжесінің алдына отырып әжесінің әжім басқан бетін сипап:

- Әже, сіздің бетіңізге не болған? -деді.

Әжесі:

- Е-е-е кәрілік қой.

Айсұлу:

- Кәрілік емес, «сызық –сызық», - депті. (Айсұлу 3 жас 6 ай).

\*\*\*\*\*

3. Анасымен бақ аралап жүрген Алуа гүлдердің күлтелеріне қарап:

- Анашым, қарашы гүлдер- дейді.

Анасы: «Ия, әдемі болып тұр».

Алуа:

- Гүлдер қолдарын күнге созып тұр, - депті. (Гүлдер күннің сәулесімен өседі дегені еді). (Алма 4ж. 8 ай).

\*\*\*\*\*

4. Карантиндік шектеу кездерінде үйде отырған атасы немересін күнде ойнатып жүреді бірде атасы бүршік-бүршік допты көрсетіп:

- Сәкен бұл не? –деді.

Сәкен:

- Ата бұл «коронавирус», - депті. (Сәкен 3жас 2 ай).

\*\*\*\*\*

5. Ағасымен Тілек жануарлар бағына (Зообаққа) барғанда:

Ағасы:

- Тілек, аңдар қайда ұйықтайды білесің бе?

Тілек:

- Мынау аңдардың гаражы, осыған кіріп ұйықтайды, - деді. (Тілек 4ж. 4 ай).

\*\*\*\*\*

6. Айша сап - сары бақ-бақ гүліне қарап тұрып: «Мына гүл маған ұнайды, оның аты - Күн гүл гой», - деген екен. (Айша 3жас 5 ай).

\*\*\*\*\*

7. Жазда Айшолпан ата-әжесінің ауылына барып, киіз үйді бірінші рет көргенде:

- Мынау қандай үй?- деді таңырқап.

Атасы:

- Қазақ үй гой, шырағым-деді.

Айшолпан:

- Ата мен білем, бұл – «жүн үй», - депді. (Айшолпан 4жас 7 ай).

\*\*\*\*\*

8. Балабақшада әр түрлі ұлт өкілдерінің суреттерін көріп отырған Айханым. «Мынау Негр – қазан адам», - депті. (Айханым 4жас 9 ай).

\*\*\*\*\*

9. Ауылдың шетінде тұратын Қанат қатты дауылдың соққанын көріп жүгіріп келді.

Анасы:

- Балам не болды, түрің бұзылып кетті гой?

Қанат:

- Анашым, далада қатты циклон соқты, -деді. (Қанат 5жас 7 ай).

\*\*\*\*\*

10. Циркке Айдар алғаш барды. Ол жақта көңілді күлегештерді көргенін баяндамақшы болып үйге жүгіріп кірді.

Әпкесі:

- Цирк қалай өтті, ол жақта қандай жануарлар көрдің?

Айдар:

- Циркте аю, жолбарыс, күле бергішті көрдім, - деді. (Айдар 3жас 5 ай).

\*\*\*\*\*

11. Жеңістің «Бауырсақ» ертегісін теледидардан көріп болғаны сол еді.

Әпкесі:

- Бұл не? Сен қандай ертегі көрдің?- деп сұрады.

Жеңіс:

- Бұл – коболок, – деп жауап берді. (Жеңіс 2жас 8 ай).

\*\*\*\*\*

12. Әлинұр әкесімен доп ойнап жүр еді. Доптың түсі сары болатын. Әлинұр: «Әкешім, мә саған «күн доп» , - депті. (Әлинұр 2 жас 6 ай).

\*\*\*\*\*

13. Ауылда. Түн мезгілі. Асан аспандағы жұлдыздарға қарап тамсанып тұрды.

Әжесі:

- Балам не қарап тұрсың, –деп сұрады.

Асан:

- Қарандар, аспанда жылтыр моншақтар бар, соған қарап тұрмын, – деді. (Асан 3жас 4 ай).

\*\*\*\*\*

14. Балабақшада топ балаларымен мамандықтар туралы оқу қызметі ұйымдастырылды.

Тәрбиеші:

- Қане балалар өскенде қандай мамандық иесі болғыларың келеді.

Самат:

- Болашақ жүзуші мамандығы туралы армандап, мен өскенде жүзгіш боламын, -деді. (Самат 5 жас 1ай).

\*\*\*\*\*

15. Ағасы үйленіп, үйіне жас келін әкеліп той өтті. Осы жағдайға қатты қуанған барлық туыстары тілектерін айтып, бата берді. Соны көріп Айжан: «Алақай, ағам жап-жаңа келін әкелді», - деді. (Айжан 5жас).

\*\*\*\*\*

16. Айман анасымен кітаптағы суреттерді тамашалап үй жануарларына атап отырды.

Анасы:

- Мынау не?

Айман:

- Бұл арқасында тауы бар ат, - деді түйені көрсетіп. (Айман 4жас 2 ай)

\*\*\*\*\*

17. Дәрігер болып істейтін анасын біле ме екен деп:

Ағасы:



- Айкүнім анашым кім болып жұмыс істейді?-деді.

Айкүнім:

- Менің анам анашым боп жұмыс істейді? - деп жауап берді.  
(Айкүнім 4 жас 3ай).

\*\*\*\*\*

18. Нұрғали отбасымен көл жағасында кешкі уақытта саяхаттап жүрген еді. Қатты қызарып батқан күнді көрген сәтте: «Көл өртеніп жатыр», - деді. (Нұрғали 3жас 4 ай).

\*\*\*\*\*

19. Аспандағы бүркітті көріп Шалқарға:

Әкесі:

- Балам ұшып жүрген құсты қалай атаймыз білесің бе?-деді

Шалқар:

- Білемін үлкен «ұшақ құс» ұшып жүр, - депті. (Шалқар 4жас 1 ай).

\*\*\*\*\*

20. Әкесі жұмыстан кеш батқанда келетінін күтіп жүрген Айсұлуға анасы:

- Қызым не істеп жүрсің?

Айсұлу:

- Әкемді күтіп жүрмін.

Анасы:

- Әкең қашан келеді?

Айсұлу:

- Күн кетті, енді әкем жұмыстан келеді, - депті. (Айсұлу 3жас).

\*\*\*\*\*

21. Балабақшада тәрбиеші апай «Саусақ – санамақ» жаттатты. Әр баладан жеке-жеке сұрап жаттағандарын тексере бастады. Кезек Нұрәмірге келді.

Тәрбиеші:

- Қане, Нұрәмір «Саусақ –санамақты» айтшы?

Нұрәмір:

- Бас бармақ, балан үйрек.

Тәрбиеші:

- Әрі қарай қалай айтамыз?

Нұрәмір:

- Ой, мына саусағымның атын ұмытып қалдым,- деді .(Нұрәмір 3жас 6 ай).

\*\*\*\*\*

22. Балабақшада қарсы мәнделес сөздерді айту бойынша тәрбиеші ойын ұйымдастырды. Кезек Әмірге жетті.

Тәрбиеші:

- Жақсы бала.

Әмір:

- Жаман бала.

Тәрбиеші:

- Таза қол.

Әмір:

- Кір қол.

Тәрбиеші:

- Жас бала.

Әмір:

- Дәу әже, - депті. (Әмір 4 жас 2ай).

\*\*\*\*\*

23. Анасы жаздыгүні Саматқа балмұздақ сатып әперді. Балмұздақты жеп отырғаны сол еді, ол ери бастады.

Самат:

- Анашым, мына балмұздақ сорпа болды, қарашы,- деді.

Анасы: «Балам мен сені түсінбедім?»

Самат:

- Балмұздақтың сорпасы шығып кетті, – депті. (Самат 3жас 5ай).

\*\*\*\*\*

24. Тәрбиеші жануарлар және олардың төлдері тақырыбына оқу қызметін өткізді. Балалардан кезекпен төлдерін сұрай бастады. Кезек Сұңқарға келді.

Тәрбиеші:

- Пілдің төлін қалай атаймыз, - деді.

Сұңқар:

- Пілдің төлі- піленок, -деп жауап берді. (Сұңқар 4 жас 5 ай).

\*\*\*\*\*

25. Теледидар көріп отырып:

Бибінұр:

- Әке мынау не?

Әкесі:

- Ол бірқазан деген құс.

Бибінұр:

- Әке мен үш қазан көрдім -деп, теледидардағы келесі сюжетте көрсеткен үш құс- яғни үш бірқазанды көрсетті. (Бибінұр 4 жас 5 ай).

\*\*\*\*\*

26. Апасы іс машинасының құлағын айналдырып үйренген Ғазизаға риза болып жүреді. Бірде Ғазиза:

- Апа, Сіз қашан қайтыс боласыз? – деді.

Апасы түсінбей:

- Қызым оны неге сұрадың? –деді.

Ғазиза:

- Мен қайтыс болғанда осы іс машинаны саған беріп кетемін, -дедіңіз ғой депті. (Ғазиза 4 жас 7ай).

\*\*\*\*\*

27. Данара ата-анасымен бірге үйлену тойына барады. Той кезінде «әдемі келіншек» келді деген үлкендердің сөздерін естиді. Біраз уақыттан соң:

Данара:

- Әкешім, қарашы әдемі кеңшілікті, - деді.

Әкесі:

- Нені айтасың, түсінбедім?-деп сұрайды.

Данара:

- «Әдемі кеңшілікті» деп жаңа түскен келіншекті көрсетеді. (Данара 5жас).

\*\*\*\*\*

28. Анасы:

- Қызым, әкеңді тамаққа шақыр,-деді.

Гүлнұр:

- Әкем келе алмайды.

Анасы:

- Неге келе алмайды?

Гүлнұр:

- Әкем телефонға кіріп кетті, - депті. (Гүлнұр 4 жас 5 ай).

\*\*\*\*\*

29. Ас үйде жуылмай тұрған ыдыстарды көріп,

Анасы:

- Қызым, сен неге жалқаусың? Неге ыдыс жууға көмектеспейсің,- дейді.

Әмина:

- Өйткені мені кішкентай кезімде көп еркелеткенсіздер ғой, - депті. (Әмина 6 жас 1 ай).

\*\*\*\*\*

30. Мұғалім балалармен сабақ өтіп тұрып: атамдай, анамдай, ағамдай деп сөздерді өзгертуге болады – деді. Балалар сөз өзгерту бойынша мысалдарын келтіріп айтып жатты.

Мұғалім:

- Айқын, сен мысал айта қойшы,-деді.

Айқын:

- Естуі бойынша менің атам бай, -деп жауап беріпті. (Айқын 6 жас 8 ай).

\*\*\*\*\*

31. Танертеңгілік жаттығу үстінде тәрбиеші балаларға жаттығу атауын айтып тұрып, балалар соған сәйкес қимылдар жасау керектігін түсіндіреді.

Тәрбиеші:

- Белге арналған жаттығу «Отын жарамыз»-дейді. Барлық балалар орындайды сонда. Әмір:

- Апай, біздің үйде балта сынып қалды,- деп жауап беріпті. (Әмір 6 жас 9 ай).

\*\*\*\*\*

32. «Тазалықты қолдаймын» тақырыптық кеш өту кезінде тәрбиеші балаларға тіс тазалығы туралы айтты.

Тәрбиеші:

- Балалар күніне қанша рет тіс жуасыңдар?

Нуриман:

- Үш рет.

Тәрбиеші:

- Қызық екен Нуриман, қай мезгілдері сонда үш рет жуып тазалайсың?

Нуриман:

- Қыс, жаз, күз, - деп жауап берді. (Нуриман 5 жас 1 ай).

\*\*\*\*\*

33. Анасы:

- Қызым сен енді 1-ші сыныпты орыс тілінде оқитын боласың - деді.

Сонда Сауле:

- Анашым мен орысша оқып-оқып, орыс болып кетпеймін ба? –депті. (Сауле 6 жас 7 ай).

\*\*\*\*\*

34. Әпкелері үнемі отбасында «Мен өскенде оқуға түсемін» деген әңгімелерін жиі еститін Санжар:

- Мен өскенде оқуға мінемін,- деп анасына жүгіріп барды. (Санжар 5 жас 1 ай).

\*\*\*\*\*

35. Атасы үйінің артындағы қораға көмір түсірді. Оны бақылап жүрген Айтолқын:

- Ата бұл не?

Атасы:

- Көмір гой, қызым.

Айтолқын:

- Жоқ бұл қап-қара тастар гой, оны неге қораға кіргізіп жатырсыз?- деп таңдана қарады. (Айтолқын 5 жас 1 ай).

\*\*\*\*\*

36. Қамбар әкесімен ауылдағы зиратқа құран оқуға бірге барады.

Қамбар:

- Әке біз Астанаға келдік пе?- деді.

Әкесі:

- Жоқ балам.

Қамбар:

- Бұл Астана гой деп зираттардың күмбездерін көрсетті. (Қамбар 5 жас 8 ай).

\*\*\*\*\*

37. Анасы Әрсенге ертегі айтып отырады:

Анасы:

- Әрсен, енді сенің кезегің?- деді.

Сонда Әрсен:

- Баяғыда бір Мыстан кемпір болыпты. Оның үйі ағашевый, қрышасы жапыраковый, онда 4 адам тұрады, –депті. (Арсен 4 жас 6 ай).

\*\*\*\*\*

38. Алыстан келген тәтесіне: «Қамбар менің анам жадина-гадина, шашын, тырнағын сәндетеді, ал маған сникерс әпермейді», - деп шағымданады.

Тәтесі:

- Тәтгіден сенің тісін ауырады ма?

Қамбар:

- Ауырады.

Тәтесі:

- Ал, сенің анаң алба-жұлба болып жүргені жақсы ма?

Қамбар:

- Жоқ онда сол синикерстің акшасына анам шашын жасатсын деген екен. (Қамбар 5 жас 8 ай).

\*\*\*\*\*

39. Балабақшада Айболдың кітап жыртқанын көргенде:

Қамбар:

- Сен неге кітапты жырттың?-деді.

Айбол:

- Жыртса не болыпты?

Қамбар:

- Кітап жылайды ғой, - депті. (Қамбар 4 жас бай).

\*\*\*\*\*

40. Таразға кетіп бара жатып, ұзақ жолда жалыққан Қамбар тәтесіне әңгіме айтқысы келіп, өтіп бара жатқан машинаны көрсетіп:

Қамбар:

- Мына камазда бір секретик бар білесізбе?-деді.

Тәтесі:

- Жоқ ол қандай құпия?

Қамбар:

- Мына камаздан говноиіс шығады, трубасы бар, ол пукать етеді, - депті. (Қамбар 4 жас бай).

\*\*\*\*\*

41. Ауылда демалыстан келген әкесіне:

Бибінұр:

- Әке ауылдағы Әлихан ағаның да руы Жамбол ма?

Әкесі:

- Ия ол сенің көкең емес пе?

Бибінұр:

- Айтыңызшы, әке, ол емес мен ғой Жамбол,- депті шағымданып. (Бибінұр 6 жас 1 ай).

\*\*\*\*\*

42. Жұмысқа кетіп қалған анасы үйге телефон соғып:

- Қызым, газды сөндіруді ұмытыппын, сүт піссе, газды сөндіре салшы»,- деді.

Қызы:

- Анашым, уайымдамаңыз, сөндіріп, сүттің көбігін де алып қойдым,- деп жауап берген екен. (Бибінұр 6 жас 1 ай).

\*\*\*\*\*

43. Шаруаларымен асығып кеткен анасы, Самғатқа:

- Отты басып қойдым, бір салым бауырсақты сүзгімен ала сал.

Самғат:

- Жақсы анашым алаңдамаңыз- депті. Анасы келеді де 5-6 бауырсақ қап-қара болып, қазандағы майда күйіп кеткенін көріп:

- Балам-ау, неге бауырсақты майдан сүзіп алмағансың? –деп сұрайды.

Самғат:

- Алдым, ал қалған бауырсақтар бір шөмішке сыймады,- деген екен. (Самғат 6 жас 4ай).

\*\*\*\*\*

44. Мультифильм көріп отырған Айымнан анасы не болып жатыр деп сұрайды.

Айым:

- Рекмала болып жатыр, -дейді.

Анасы:

- Неге олай деп айтасың?

Айым:

- Ол жерде кішкене үзіліс болып жатыр, үзіліс деген рекмала емес пе?-депті. (Айым 5 жас 1 ай).

\*\*\*\*\*

45. Түскі аста Әлейхан:

- Әке қандай тамақ жеп отырсыз?–деді.

Әкесі: «Макарон гой, балам».

Әлейхан:

- О-О-О менің әкем мақұрым жеп отыр,- деген екен. (Әлихан 3 жас 3 ай).

\*\*\*\*\*

46. Әлейхан:

- Әже не істеп жатырсыз?

Әжесі:

- Кешкі асқа бесбармақ дайындап жатырмын,-деді.

Сонда Әлихан:

- Ооо бессауақ жейміз, -деген екен. (Әлихан 3 жас 3 ай).

\*\*\*\*\*

47. Айсұлудың отбасы «Жаңа жыл» мерекесін ерекше қуанышпен қарсы алады. От- шашу (салют) атылғанын тамашалап, бесбармақ жейді екен. Бір күні анасы «бесбармақ» дайындағанын көрген Айсұлу:

- Анашым қандай тамақ пісірдіңіз?

Анасы:

- Бесбармақ.

Сонда Айсұлу:

- Бұл «Салют-тамақ» қой деген екен. (Айсұлу 2 жас).

\*\*\*\*\*

48. Әлиханнның әжесі қызық көріп:

- Әлихан, таңертен деген қай мезгіл? –деп сұрапты.

Сонда Әлейхан:

- Ұйықтап тұрған, қараңғыда таңертен деп жауап берген екен. (Әлихан 2 жас 6 ай).

\*\*\*\*\*

49. Інісінің тілінің тәтті екенін қызықтайтын ағасы:

- Әлихан, «Нурикамал» деші деп өтінеді.

Сонда Әлейхан:

- Неге қайта-қайта сұрай бересің? «Нуримал»- деп жауап берген екен. (Әлихан 2 жас 6 ай)

\*\*\*\*\*

50. Анасының нан турап жатқанын көрген Әлихан: «Әке, анашым нанға пышақ тығып жатыр», - деді әкесіне. (Әлихан 3 жас).

\*\*\*\*\*

51. Немересі әжесінің көп сөйлегенін жақтырмаған Сұңғат: «Әже, айта-айта айта бемеш», - депті. Ол Сұңғаттың «Қайта-қайта айта бермеші» деген сөзі еді. (Сұңғат 3 жас 7 ай).

\*\*\*\*\*

52. Балабақшадан келе салып, Фархат:

- Анашым, бүгін бізді балабақшада дәрігер қарады,- деді.

Анасы:

- Иә, ол не тексерді?

- Біз демаламыз ба, жоқ па, соны тексерді. (Фархат 3 жас 6 ай).

\*\*\*\*\*

53. Үш жасар кішкентай Алуа түнде бір нәрсені іздеп:

- Мама, маған көпе, көпе, көпе керек...- деп ұзақ жылады. Анасы айтқанын түсінбеді, қайта сұрады.

Сонда Алуа:

- Көпе ші, ұқы дегенде үстіме қоятын, – депті. (Алуа 3 жас 8 ай).



\*\*\*\*\*

54. Екі жасар Сезім:

- О теп-теп белші» деп сұрапты атасынан.

Атасы түсінбей «не дейсін? қайталашы»- деді.

Сезім:

- Былай аяқпен істейтін ше-, деп түсіндірді. (Аяқпен тебетін ше (доп). (Сезім 2 жас).

\*\*\*\*\*

55. Ерлан әжесіне:

- Әже, мен бұжай көрдім, - депті.

Әжесі түсінбейді, анасынан сұрады.

Анасы: «Әже, мен құмырсқа көрдім дегені ғой»,- деп түсіндіріпті. (Ерлан 3 жас1 ай).

\*\*\*\*\*

56. Самат аулада әкесіне көмектесіп ағаш кесіп жатыр.

Асқардан:

- Самат ағашты немен кеседі?-деп сұрағанда.

Асқар:

- Кескішпен кеседі,-депті. (Асқар 3 жас7 ай).

\*\*\*\*\*

57. Бес жасар Сәулемен сөйлесіп отырған анасы:

- Асел шашын жинағысы келді. Оған қандай зат керек?- деді.

Сәуле:

- Шаш жинағыш керек, - деді.

\*\*\*\*\*

58. Апайы Арайдан кептерлерді көрсетіп, «Мыналар нелер?»-деп сұрайды

Арай:

- Кептер– дейді.

Апайы бірнеше кептерді көрсетіп, «Мынау ше?»- десе,

Арай: «Көп»,- деп жауап беріпті. (Арай, 3 жас, 1 ай).

\*\*\*\*\*

59. Балабақшада тәрбиешісі Айгүлге үйге тапсырма береді. Әкесі оған көмектесіп, үйректұмсықтың суретін көрсетіп:

- Бұл не қызым, - дейді.

Айгүл:

- Бұл тұмсықмұрын,-дейді.

Әкесі оған күліп:

- Неге олай атайсың қызым?- деп сұрайды.

Айгүл:

- Олардың тұмсықтары үлкен, - деп жауап беріпті. (Айгүл 5 жас 3 ай).

\*\*\*\*\*

60. Үйде барлығы шәй ішіп отырғанда, кішкентай Айгүл анасына асық алып берші деп жылапты. Анасы сандықты ашып асық алып берсе, «асық асық» деп одан сайын жылапты.

Анасы Айгүлді көтеріп: «Не керек, өзің алшы?», - деді.

- Айгүл тартпадан өзіне қасық алған екен. (Айгүл 2 жас 4 ай).

\*\*\*\*\*

61. Тәрбиешісі Мансұрға:

- Мансұр, «күрек» деген сөзді қалай түсінесің? – деді.

Сонда Мансұр:

- Күрек бұл үйректің үлкен түрі ғой, - деген екен.

Тәрбиеші:

- Неге олай ойлайсың?

Мансұр: «Себебі, күрек ол үйректің әкесі», - деп жауап беріпті (Мансұр 3 жас 1 ай).

\*\*\*\*\*

62. Әкесімен саяжайда серуендеп жүрген 3 жасар Мансұр:

- Бұлт мақтадан жасалатынын білесіз бе, әке?

Әкесі:

- Жоқ білмедім.

Мансұр:

- Оны жеуге де болады, - деп әкесін бір күлдіртті. (Мансұр 3 жас 1 ай).

\*\*\*\*\*

63. Апасы:

- Дулат кеттік, пешеходтан асықпай өтіп үйге барайық, - деді.

Дулат:

- Апа, респешодтан қалай өтеміз? - депті қызықтап. (Дулат 3 жас 5 ай).

\*\*\*\*\*

64. Үш жасар Асылайдан әпкесі:

- Айта қойшы Асылай, екiнi екiге қосса неше болады? - деп сұрапты.

Асылай:

- Төрт болады депті.

Әпкесі:

- Жарайсың, міне саған сол үшін төрт кәмпит!» - десе.

Асылай:

- Туууу, он төрт деуім керек еді!- деген екен. (Асылай 5 жас бай).

\*\*\*\*\*

65. Әпкесі Асылайдан:

- Асылай, жалпы мен кіммін? - деп сұрайды.

Асылай:

- Сіз көп ұйықтай алмайтын тәтесіз,-депті.

Әпкесі:

- Неге олай ойлайсын?!

Асылай:

- Өйткені Сіз көп жұмыс істейсіз де, ұйықтай алмайсыз, - деп жауап беріпті. (Асылай 4 жас бай).

\*\*\*\*\*

66. Төрт жасар Алинаға отбасы мүшелері «Сенін атын кім?»- деп сұрай бергеніне шаршаған Алина: «Не, танымай тұрсындар ма? Малинамын ғой», -деп жауап берген екен. (Алина 4 жас 3 ай).

\*\*\*\*\*

67. Аңсар әкесіне:

- Әке маған сурет салып берші,- деп өтінді. Әкесі сурет сала бастады. Оның салған суретіне сүйсіне қараған Аңсар: «Әке, Сіз есейгенде атақты суретші боласыз ғой»,- депті. (Аңсар 3 жас 5 ай).

\*\*\*\*\*

68. Асияға көрші тәтесі:

- Үйіңде әжең бар ма?- деп сұрады.

- Бар,- деді де, үйіне жүгіріп кіріп, әже, Сізді бір кісі сұрап тұр,- деді айғайлап.

Әжесі:

- Қандай кісі, көршіміз емес пе? - деп еді.

Асия:

- Жок, көршіміз емес, адам болайын деп қалған бөтен кісі,- деп жауап берді. (Асия 3 жас 8 ай).

\*\*\*\*\*

69. Атасы Әмірге қораларын көрсетіп:

Атасы:

- Мынау жылқы, мынау сиыр, сенің әкеңнің үйінде не бар? – деді.

Әмір:

- Біздің үйде ноутбук пен планшет бар, - деді. (Әмір 3 жас 10ай)

\*\*\*\*\*

70. Асқар апасына келіп:

- Апа, әкем келе жатыр, - деді.

Апасы:

- Көлігімен келе жатыр ма? - деді:

Асқар:

- Жок, аяғымен келе жатыр, - деді. (Асқар 3 жас бай )

\*\*\*\*\*

71. Қыс кезі. Сиырдан сүт аз шықты, - дегенді жиі еститін Әмір бір күні сүт пісіп, көпіріп таси бастағанын көрді де:

- Апа, Апа, сүт көбейіп келеді! - депті. (Әмір 3 жас 11 ай).

\*\*\*\*\*

72. Көрші Дулат аға келіп, Әлтайырға:

- Сенің атың кім?-деп сұрады.

Әлтайыр:

- Мен Әмірдің ағасымын,-деп жауап беріпті (Әлтайыр 4 жас 1ай).

\*\*\*\*\*

73. Нұрболатты апасы үнемі еркелету сөздерін жиі айтады.

Апасы:

- Айналайын, боташым,-деді.

Нұрболат:

- Апа, айналамашы, басың айналып, құлап қаласың,-деді. (Нұрболат 3 жас 5 ай).

\*\*\*\*\*

74. Әлиге анасы циркке билет сатып алмақшы болып алдын ала кассаға келді.

Анасы:

- Әли қазір билет сатып аламыз.

Әли:

- Анашым киноға кіремін бе?-деді қуанып. (Әли 3 жас 11 ай).

\*\*\*\*\*

75. Әжесі: Инжу сен не істеп отырсың?

Инжу:

- Мен киімдерді зинап қойдым?

Инжу:

- Әже, мен бүгін молдец болдым, -деді. (Инжу 3 жас 10ай).

\*\*\*\*\*

76. Екі ағайынның әңгімесі:

- Әмір, сен нешедесің?

- Төрттемін.

- Ал мен бестемін, мектепке сенен бұрын барамын,- деп мақтанған екен ағасы Өлтайырға.

- Беске мен де келемін ғой, сен тұра тұр, мектепке екеуіміз бірге барайық, - депті Әмір. (Әмір 4 жас 4 ай).

\*\*\*\*\*

77. Анасын өте жақсы көретін Асылхан:

- Анашым, «сен «мынандайсың» деп екі қолымен жүрекше жасап көрсетті. (Асылхан 4 жас 2 ай).

\*\*\*\*\*

78. Ауылдағы атасына қонаққа келген Ерасылды атасы атпен серуендетпекші болды.

Атасы:

- Келе ғой балам атқа отыр.

Ерасыл:

- Менің атқа бойым калай жетеді астыма үстел беріңіз, бірінші үстелге шығып сосын атқа отырамын ғой,-деді. (Ерасыл 4 жас 2 ай).

\*\*\*\*\*

79. Бақшаға кіріп кеткен бұзауды көріп:

Дина:

- Апа біздің шөпті басқа сиырдың төлеулері (төлдері) жеп жатыр,- деді (Дина 5 жас 2 ай).

\*\*\*\*\*

80. Кешкі мезгілде апасымен келе жатқан Аяла аспандағы айды көріп:

«Апа, апа, анау алыста свет жанып тұр ғой», -депті. (Аяла 4 жас 5ай).

\*\*\*\*\*

81. Бір күні тәрбиешісі:

- Балалар қазір жақсы, тілек сөздер айтатын ойын ойнаймыз - деп өзі бастап «аман бол» - дейді.

Айбол: Бақытты бол!

Зере: Тәртіпті бол!

- Кезек Инжуге келеді.

- Сен не айтасың-дейді тәрбиеші апай.

Инжу ойланып тұрып: «Жаман бол!» -депті. (Зере 4 жас 6 ай).

\*\*\*\*\*

82. Өлтайыр ыстық пешке су тамшылап бу шығып жатқанын көріп:  
- Апа пештен су бұрқақ шығып жатыр, -депті. (Өлтайыр 5 жас 7 ай)

\*\*\*\*\*

83. Дүкеннен көп затпен келген анасы үш жасар Гүлімге:  
- Қызым, есікті ашып жіберші, — деді.  
Гүлім есікті ашып:  
- Анам Аяз ата болды, -дейді.  
Әпкесі:  
- Қалайша?  
- Міне қарашы,-деп көп заттары бар анасын көрсетті. (Гүлім 3 жас 7 ай).

\*\*\*\*\*

84. Апасы сиыр айдап келе жатып әрі бұрылған сиырға:  
- Шуу, кара сан!-деді.  
Оны естіген Әмір:  
- Сиырға қарап тұрды да «Апа сіз қате айттыңыз, ол кара емес қоңыр ғой деп сиырдың түсін көрсетті. (Әмір 4 жас 8 ай).

\*\*\*\*\*

85. Сурет салып болып, әкесіне, одан соң анасына көрсеткен Аңсар анасына: «Анашым, әкем маймылды білмейді екен»,- деді.  
Анасы:  
- Оны қайдан білдің?  
Аңсар:  
- Мен, маймыл салып едім, әкем «Мынауың не? - деп сұрады», – деді (Аңсар 4 жас 5 ай).

\*\*\*\*\*

86. Анасы Самғатқа сөзін қайталайтын мысық сатып әперді. Оны қызық көрген ол: «Менің анамның машинасы бар. Ол ақ түсті... дегені сол еді». Ойыншық мысық сөзін қайталай бастады. Оның қайталағанын ұнатпай Самғат:  
- ЕЕЕ қайталалама-деп ыза болған екен. (Самғат 2жас 2ай).

\*\*\*\*\*

87. Әмірге апасы:  
- Балам, итке су бердің бе? – деп сұрады.  
Әмір:  
- Ол бағана сүйек жеп алған,-деді. (Әмір 5 жас 5 ай).

\*\*\*\*\*

88. Шәугімнің қайнап ысқырып жатқанын көрген Аяла анасына:  
- Мама, «су пысып кетті», - деді. (Талшын 3 жас 8 ай)

\*\*\*\*\*

89. Етігі жыртылып қалғанын көрген Әмір: «Мама етігім сынып қалды» - деді. (Әмір 5 жас 1 ай).

\*\*\*\*\*

90. Көрші үйде шашлык сатумен айналысатынын аға тұратынын 5 жасар Әмір білетін. Бірде әжесі көрші ағаны шақырып келуге жұмсады.

Әмір:

- Көрші үйге барды да есікті ашып, «Шашлык аға» бар ма екен, әжем шақырып жатыр, - деді. (Әмір 5 жас 1 ай).

\*\*\*\*\*

91. Түнде даладағы жарыққа үймелеп жатқан көбелектерді көрген Айша:

- Апа, көбелектер тоңып қалыпты, отқа кіріп жатыр, - депті. (Айша 3 жас 8 ай).

\*\*\*\*\*

92. Далада аппақ қар алғаш жауған күні Аян ұйқыдан ояна салып терезеге қарап тұрды да:

- Анашым, далада барлығы қардың астына кіріп кетіпті, - депті.

\*\*\*\*\*

93. Әкесі:

- Жігер, сен нешеге дейін санай аласың? - деп сұрады.

Жігер:

- Әжемнің жасына дейін, - депті. (Жігер 5 жас)

\*\*\*\*\*

94. Балабақшада «Қара жорға» биін билейтінін айтқысы келген Аңсар:

- Садик «қалан-қалан, қалан жолға», - деп би қимылдарын көрсетіп беріпті. (Аңсар 2 жас).

\*\*\*\*\*

95. Апасы:

- Арыстанның басы неліктен үлкен? - деп сұрады.

Аяна:

- Тордан шығып кетпеуі үшін, - деді. (Аяна 5 жас 2 ай).

\*\*\*\*\*

96. Тәрбиеші:

- Балабақшаға тексеру келеді- деп балаларға түсіндіру жұмыстарын жүргізеді. Келесі күні тексеруші топқа кіргені сол екен Аяна үстелдің астына кіріп, тығыла бастайды.

Тәрбиеші:

- Аяна саған не болды? - деп сұрайды.

Аяна:

- Мен тексерушіден қорқамын, - депті. (Аяна 4жас 7ай).

\*\*\*\*\*

97. Атасы бақтағы піспеген алмаларды ерте рұқсатсыз жұлатын немересі Әмірге:

- Балам, ағаштың басында не істеп жүрсің?

Әмір:

- Ата бір алма жерге түсіп қалыпты, соны орнына іліп қояйын деп едім, - деп жауап беріпті. (Әмір 6 жас).

\*\*\*\*\*

98. Қалаға келген Айбардан апайы:

- Айбар, сен ауылдан поезбен келдің бе?- деп сұрады.

Айбар:

- Купемен келдім, - деп жауап берген екен. (Айбар 4 жас 2 ай).

\*\*\*\*\*

99. Даладан кірген Арманның шалбарының балағы су болып артынша мұз қатып қалғанын көрген апасы пешке кептіріп іліп қойды. Біраздан соң ол еріп су аға бастады. Оны көрген Арман: «Әже менің шалбарым жылап тұр» - депті таң қалып. (Арман 4 жас 7 ай).

\*\*\*\*\*

100. Болатқа апасы жаңа етік алып береді. Бір-екі күннен кейін: «Балам, қалай?» –деп сұрайды.

Болат:

- Етігім ызғытады екен,-депті. (Болат 5 жас 2 ай).

\*\*\*\*\*

101. Таңертеңгілік уақытта балабақшаға баратын Арнұрдың бір шұлығы табылмай қалады.

Анасы:

- Балам бір шұлығың қайда? Мен таба алмадым - дейді.

Арнұр:



- Шұлығым кеше киген шалбарымның аяғында тұр, – деп шалбарының балағын көрсеткен екен. (Арнұр 4 жас 4 ай).

\*\*\*\*\*

102. Автобуста ұйықтап отырған Ерболға апасы:

- Балам, көзіңді аш, оян, қазір далаға шығамыз,- деді.

Ербол:

- Далада жермен жүреміз бе? -деп сұрады.(Ербол 3 жас 5 ай).

\*\*\*\*\*

103. Сағаттың қоңырауынан ояңған Айару анасына барып:

- Анашым, сағат бақырып жатыр, - деді (Айару 3 жас бай).

\*\*\*\*\*

104. Кэмпит жеп жүрген Нұрболға, кішкентай Ернұр:

- Маған да берші! – деді.

- Жок, бермеймін.

- Неге?

- Сен де маған бермей қойғансың.

- Қашан?

- Жазда апамдікінде болғанда. (Ернұр 4 жас 7 ай).

\*\*\*\*\*

105. Атасының ауылына қыдырып келген Ерасылды атпен серуендеу кезінде, шылбырын тартпаған соң еркін қозғалған аттан қорыққан. Ерасыл:

- Ата мен рөлді ары-бері бұрдым бірақ аттың рөлі бұрылмай қойды,- деп жылап жіберді. (Ерасыл 4жас 4 ай).

\*\*\*\*\*

106. Санжар әкесіне:

- Әке, телевизорда қызықты мультфильм болады екен, көрейікші,- деді.

Әкесі:

- Балам -ау, бүгін ток жоқ, электр желісі үзіліп қалды ғой, - деп еді.

Санжар:

- Олай болса, телефонның жарығын қосып қояйықта телевизорды көре берейік, - деді. (Санжар 6 жас 1 ай).

\*\*\*\*\*

107. Тәрбиеші балаларға құлақ не үшін керек?- деп сұрақ қояды. Сонда Айбол:

- Шұқу үшін, - деп жауап берген екен. (Айбол 5 жас).

\*\*\*\*\*

108. Есеннен үйге келген қонақтар:

- Есен, сен нешінші сыныпта оқисың? – деп сұрады.
- Бірінші.
- Асан, сен ше?

Асан:

- Мен әлі төртінші деп жасын айтқан екен. (Асан 4 жас 6 ай).

\*\*\*\*\*

109. «Шырылдауық шегіртке Біршып жүріп ән салған», - деп үшінші сыныпта оқитын әпкесінің тақпақ жаттап жүргенін көрген Айша бір күні кітаптан шегірткенің суретін көрсетіп:

- Мынау ырылдауық шегіртке ғой, - депті. (Айша 5 жас 5 ай).

\*\*\*\*\*

110. Құрлысшы болып жұмыс істейтін ағасының фото-суреттерін қарап отырып, қабырғасы қопарылып жатқан пәтерді көрген Асан:

- Үйдің қабығы түсіп жатыр екен, - депті. (Асан 5 жас 2 ай).

\*\*\*\*\*

111. Бірде тәрбиеші балабақшада көрме болатынын түсіндіріп, егер ата-аналарың сурет салатын болса қатыссын, - депті. Мұны естіген Айша анасының суреттерін әкелемін деп сөз береді.

Ертесінде тәрбиеші:

- Айша қандай суреттер әкелдің? - деп сұрайды.

Сонда Айша:

- Анамның Дубайда және Астанадағы суретін әкелдім, - деп фото суреттерін көрсеткен екен. (Айша 6 жас).

\*\*\*\*\*

112. Қабырғаның тұсқағазын ауыстырғанына қарап, Самат:

- Анашым менің бөлmemнің қабырғасы пердемен бірдей түстес болыпты, - деп тамсанған екен. (Самат 5 жас 6 ай).

\*\*\*\*\*

113. Қосалқы түстер туралы оқу іс-әрекеті кезінде салат түстес жасылды Арнұр шатастырып сәбіз түстес деп айтады. Сонда тәрбиешісі:

- Арнұр бұл сәбіз түс емес, салат түстес,- деп түсіндіріп береді.

Арнұр:

- Неге дұрыс емес, салаттар сәбізден жасалады ғой,-деген екен.  
(Арнұр 6 жас 4 ай).

\*\*\*\*\*

114. Балабақшада арнайы автобуспен балаларды тауға апаратын болды. Ертесінде Шыңғыс үйіне келген автобусты терезеден көріп: «Анашым менің шопырым келді»,- деген екен. (Шыңғыс 5 жас 4 ай).

\*\*\*\*\*

115. Әмина:

- Апа, мен тәрелке сындырдым.

Апасы:

- Бідысты неге сындырдынабайлау керек!-деді.

Әмина:

- Айсана да кеше кесе сындырған. (Әмина 4 жас 9 ай).

\*\*\*\*\*

116. Немерелерін атқа отыруға үйретіп жүрген атасы:

- Әмір, кисая бермей, түзу отыр, -деді.

Әмір:

- Мен түзу отырмын, аттың арқасы қисық, - деді.(Әмір 6 жас 1 ай).

\*\*\*\*\*

117. Мадина мен Хадиша ойнап отырады.

Хадиша: «Мен кеттім, әйтпесе жұмыстан кешігемін», -деді.

Оны естіп қалған Мадина:

- Сен жұмыс істейсің бе?-деп сұрады.

- Ия. Балабақшада істеймін.

- Кім болып жұмыс істейсің?

- Бала болып істеймін. (Хадиша 5 жас 1ай).

\*\*\*\*\*

118. Апасы немерелеріне кеудеше сатып алып келеді. Оны көрген  
Әлтайыр:

- Маған сыйлық әкелдіңіз бе?- деп сұрады.

Апасы:

- Ия балам кие ғой.

Әлтайыр:

- Апа маған «бұт киім» алу керек еді, -деді. (Әлтайыр 5 жас 3 ай).

\*\*\*\*\*

119. Балабақшаға апарған ойыншығын ұмытып кеткен Анель:  
- Анашым мен ойыншығымды балабақшаға әдейі қалдырып кеттім,- дейді.

Анасы:

- Не үшін?

Анель:

- Тәрбиеші апалар басқа ойыншықтармен бірге жуып қойсын,-деп деген екен. (Анель 5 жас 8 ай).

\*\*\*\*\*

120. «Әкешім, бүгін жұмысқа бармай-ақ қойыңызшы. Паркке қыдыруға шығамыз», -деді 4 жасар Мирас.

Әкесі: «Жұмысқа бармасам, бізге тамақты кім береді?» -деді.

- Ет пен картопты ауылдағы атам береді?- деді Мирас. (Мирас 4 жас 9 ай);

\*\*\*\*\*

121. Тәрбиеші тұмау болған кезде қаракаттың, таңқурайдың тосабы ем болатынын айтты.

Сонда Айша:

- Менің анам да үйде шие мен қара дақтың тосабын дайындады,- деген екен. (Айша 4 жас 9 ай).

\*\*\*\*\*

122. Тамақ үстінде шанышқы сұрағысы келген Рашид анасына:

- Анашым маған ёлка (вилка дегені) берші,-деп сұраған екен. (Рашид 5 жас 5 ай).

\*\*\*\*\*

123. Хайуанаттар паркінде судан шығып келе жатқан ақ аюды көрген Инжу:

- Әке, аю мына суға түсіп-түсіп ақ аю боп кетті ме?—депті таң қалып. (Инжу 4 жас 5 ай).

\*\*\*\*\*

124. Диас таңғы ас кезінде: «Анашым, жұмыртқаны шешіндіріп берші, мен жеймін»,- деді Диас. (Диас 3 жас 2 ай).

\*\*\*\*\*

125. «Ата, сенің шашың неге аппақ?» - деп сұрады Аяжан атасынан.

Атасы:

- Ой, шырағым-ай, бұл не көрмеген бас дейсін...

Аяжан:

- Не көрді сонда?

Атасы:

- Қиындықты да, аштықты да, соғысты да...

Аяжан:

- "Аспан сити"(Aspan Sity) ді де көрді ме?- деді Аяжан демалыс орталығын меңзеп. (Аяжан 5 жас 6 ай).

\*\*\*\*\*

126. Айзере анасының үлкен сырғасын тағып алғанын көрген тәтесі:  
«Айзере құлағындағы сырғанды үлкен қыз болғанда тағасың қазір тауға болмайды», -депті.

Сонда Айзере:

- Біз сияқты қыздарға тауға болады,-деп жауап берген екен. (Айзере 4 жас 9 ай).

\*\*\*\*\*

127. Сүт ішуді ағаш қасықпен жақсы көретін Ернар: «Анам маған сүтті оюлы ағашпен құйып беретін», - деді. (Ернар 3жас 7 ай).

\*\*\*\*\*

128. Бірде анасы Мирасқа: «Балам есікті дұрыстап жап үстелге мысық шығып кетпесін»,-деді.

Сонда Мирас:

- Анашым есікті қысып жаптым,-депті. (Мирас 6 жас 1ай).

\*\*\*\*\*

129. Немересін жақсы көрген апасы:

- Сен неге тәттісің?- деді.

Әмина:

- Кәмпит жеп алғам гой,- деп жауап берді.(Әмина 3 жас 7 ай).

\*\*\*\*\*

130. Әжесінің құлағының тесігі кенейгенін көрген Айсауле:

- Әже сіздің құлағыңды шегемен тескен бе?- депті. (Айсауле 5 жас 1 ай).

\*\*\*\*\*

131. Әжесі тымаумен ауырған немересі Аруға итмұрынның пайдасы туралы айтып берді. Оны естіген Ару:

- Сонда иттің мұрынын кесіп алу керек пе? - депті. (Ару 5жас7 ай).

\*\*\*\*\*

132. Мұғалім балаларға өздері сала алатын жануарлардың суретін салуды тапсырды. Барлық балалар суреттерін көрсетіп жатты. Кезек Мансұрға келді. Мансұр да өз суретін көрсетті.

Мұғалім:

- Мансұр сен ненің суретін салдың?-деді.

Мансұр:

- Тасбақаның,- депді.

Мұғалім:

- Мынау бақа ғой,- десе.

Мансұр:

- Тастың үстінде отыр. Бұл тасбақа байқамадыңыз ба? –депті.  
(Мансұр 6 жас 1 ай).

\*\*\*\*\*

133. Аян анасына:

- Анашым арқамды қышып берші- депті. - Бәрі ду күледі.

Анасы:

- Арқаны қышып бер емес, қасып берші деп айту керек,- деп түсіндірді.

Аян сол кезде де:

- Жоқ! Менің арқам қышидығой, сол себепті қышып берші деп айттым,- депті. (Аян 4 жас 10 ай).

\*\*\*\*\*

134. Әмірді анасы бұзықтық жасағаны үшін бұрышқа тұрғызады.

Анасы:

- Балам енді бұзық боласың ба? - деп сұрады.

Әмір:

- Мен бұзықтық жасамадым. Сізге ұқсаған екенмін, нағашы әжем анаң кішкентай кезінде бұрышқа көп тұрған,- деп еді. (Әмір 6 жас 2 ай).

\*\*\*\*\*

135. Немересі (4 жаста) түрлі -түсті қағаздан жасалған шеңберлерді қайшымен қиып алған.

- Оларды үстелге қояды ...

- Айнұр, сен қанша шеңберді қиып алдың? Санайық!

Айнұр санай бастайды:

- Бір, екі, үш, төрт, бес, жеті, сегіз.

- Алты қайда?

- Ой, мен оны кесуді ұмытып кетіппін. (Айнұр 4 жас).

\*\*\*\*\*

136. Әжесі немересіне Заңғаржан бүгінгі туған күніңмен құттықтаймын, қандай сыйлық әкеліп берейін?-деп сұрапты.

Заңғар: «Ақшалай бере салыңызшы», - деген екен. (Заңғар 6 жас 4 ай).

\*\*\*\*\*

137. Бірде баласы анасына:

- Анашым, мен бір тәтенің аяғын басып кеттім, кешірім сұрадым, ол маған кәмпит берді!
- Ал сен рахмет айттың ба?
- Жоқ, мен оның екінші аяғын басып, тағы кәмпит алдым деп рахаттана күлген екен. (Айқын 5 жас 8 ай).

\*\*\*\*\*

138. 1 қыркүйек. Балабақшада тәрбиеші білім күніне арналған оқу қызметін өтіп жатыр.

Тәрбиеші:

- Балалар бүгін – білім күні, барлық жерде балаларды оқуға, білімге шақырып жатыр. Бізде оқу қызметімізді бастаймыз.

Әмір:

- Мен оқу үшін емес, ойнауға келдім деп орнынан тұрып, ойыншықтарға жүгіріп кетіпті (Әмір 6 жас 1 ай).

\*\*\*\*\*

139. Арсен атасымен бірге қалаға қонаққа барады. Жолда троллейбусты бірінші рет көрген Арсен атасына:

- Ата, мынау мүйізді автобус қой ол қалайша жүріп бара жатыр, - деп таң қалған екен. (Арсен 6 жас 3 ай).

\*\*\*\*\*

140. Ерсайын 2-3 жасынында балабақшада түсірілген таспаны көріп отырып:

Ерсайын:

- Анашым, сонда біздің үйде екі Ерсайын болған ба? -деп таңырқап қалыпты. (Ерсайын 5 жас 5 ай).

\*\*\*\*\*

141. Қала көшелеріндегі жарнама көрсететін үлкен экранды көрген Ерсайын таң қала қарап, ағаларына:

- Сендер көшеде тұратын теледидар көрдіңдер ме? –дейді.

Ерден (ағасы):

- Ол қандай?

Ерсайын:

- Ол өте үлкен екен, бірақ дауысын ести алмадым,-депті. (Ерсайын 5 жас 5ай).

\*\*\*\*\*

142. Расул өмірде аналар есімі жалғыз ғана болады деп ойлайды екен. Мектепке алғаш келген ол апайының есімі Мақпал екенін естіген Расул:

- Мақпал деген менің анам, «Сіз менің анам емессіз» - депті. (Расул 6 жас 2 ай).

\*\*\*\*\*

143. Көзілдірік киюге қызыққан Самат:

- Анашым мен көзілдірік кигім келеді,-дейді.

Анасы:

- Жазда күн ысығанда алып беремін, қыста көзілдірік кимейді ғой,- депті. Көзілдірікті жазда ғана киеді деп ойлаған бала үйдегі атасының көзілдірігін тығып тастайды. Атасы іздеп таппағасын немересінен сұрайды, немересі ойланбастан:

- Ата, көзілдірікті жазда күн ысығанда киесіз, деп жауап беріпті (Самат 6 жас);

\*\*\*\*\*

144. Жауын қатты жауып тұрған сәтте баласы анасынан далаға шығуға өтінеді.

Анасы:

- Жоқ балам, жауын қатты жауып тұр, тек бақылап қарауға ғана рұқсат етемін, деп өз шаруасын жасап кетеді. Бірнеше уақыттан кейін баласы үсті басы су болып:

- Анашым жауынның қалай жауғанын бақылап келдім, -деген екен (Өсемгүл 5 жас 4 ай).

\*\*\*\*\*

145. Тәрбиеші балаларға сұрақ қояды:

- Балалар қыста жауын неге жауады?

Біраз ойлана отырып Нуриман деген бала:

- Аспандағы қарлардың бәрі еріп жатыр,-депті . (Нуриман 6 жас7 ай).

\*\*\*\*\*

146. Апайы:

- Қуаныш екі құстың атын аташы.

Қуаныш:

- Торғай, қарға!

Апай:

- Енді үш құсты тағы қос.

Қуаныш:

- Екі торғай, бір қарға,-депті (Қуаныш 6 жас).



\*\*\*\*\*

147. Түскі ұйқы кезі, тәрбиеші балаларды ұйықтатуға жатқызып отырады.

Каусар:

- Апай мен көзімді ашып ұйықтайыншы деп өтініш айтыпты.

Тәрбиеші:

- Жоқ, көзіңді жұмып ұйықташы,- десе.

Каусар:

- Апай мен көзімді жұмып ұйықтай алмаймын,- депті. (Каусар 5 жас 5 ай).

\*\*\*\*\*

148. Балабақшада орыс тобына түскен қазақ қызы сурет сабағында апайынан қағаз сұрағысы келіп, қағаздың орысша аудармасын білмеген соң.

- Кагазу дайте, -деп сұрапты. (Шынар 5 жас, 2 ай).

\*\*\*\*\*

149. Әкесі баласының мектепке дайындығын тексермекші болып:

- Балам мына әліпби әріптерін білесің бе? Атап берші. Баласы А-дан бастап барлық әріптер мен суреттердегі заттарды атап Х әрпіне келгенде тоқтап қалыпты. Сонда анасы көмектесейін деп хрустальді люстраның Л әрлін айтсын деп төбедегі люстраны көрсеткенде Алдан:

- Хлюстра,- депті. (Алдан 6 жас).

\*\*\*\*\*

150. Бірінші орыс мектебіне бермек болып үлкен ағасы қарындасына:

- Кенжегүл, мына әліпби әріптерін білесің бе? Атап берші-дейді.

- Кенжегүл суретке қарап отырып, А-дан бастап барлық әріптер мен суреттердегі заттарды атап Х әрпіне келгенде тоқтап қалыпты. (Х- хвост деу керек еді.)

Сонда Кенжегүл:

- Х.....Х.....Хүйрық», - депті. (Кенжегүл 6 жас 5 ай).

\*\*\*\*\*

151. Балабақшаға барғысы келмеген Меруерт ұйқыдан оятқан анасына:

- Анашым менің қатты тісім ауырып жатыр.

Анасы:

- Ендеше қызым тіс дәрігеріне барып тісіңді көрсетейік.

Меруерт:

- Ааа, анашым кеше ауырған, қазір қойып кетті,- деп, төсектен тұрып кетіпті. (Меруерт 5 жас).

\*\*\*\*\*

152. Ағасы Қуанышпен жұмбақтар жасырып отырады.

Руслан:

- Өзі қара, пішіні төртбұрышты не ол?

Қуаныш:

- Мәшине, көмір т.б жауаптар айта бастайды.

Руслан:

- Барлығын дұрыс емес.

Руслан:

- Ол жұмыртқағой деп күледі.

Қуаныш:

- Неге онда қара әрі төртбұрыш дейсің?

Руслан:

- Ақ, сопақша десем жылдам тауып алар едің ғой,- деген екен (Руслан 5 жас 9 ай).

\*\*\*\*\*

153. Балабақшада тәрбиеші ұйымдастырған «Сиқырлы әріптер» ойынынан Мағжан қатты әсер алған екен. Бірде мектепте оқитын әпкесінің үй тапсырмасын орындап жазу жазып отырғанын көріп:

- Әпке, әпке сиқырлы әріптердің суреттерін салып жатырсыз ба?-деп сұраған екен. (Мағжан 5 жас 1 ай).

\*\*\*\*\*

154. Раушан топырақтан құрттар жасап кептіріп, тәрелкеге салып атасына әкеледі:

- Ата, ата құрт жейсіз ба?

- Жоқ балам, ол топырақ қой өте зиян оны жемейді.

Раушан:

- Ал неге анашым күнде қатқан топырақтарды сүйсіне жейді?-деп атасын ойландырып тастаған екен. (Раушан 4 жас 10 ай).

\*\*\*\*\*

155. Паракқа түрлі әріптердің суретін салып жаза аламын деп мақтанған Айдосқа досы Ержан:

- Не жазып отырсың? -деп сұрайды.

Айдос:

- Хат жазып отырмын!

Ержан:

- Оқып бересің бе?

- Мен оқуды үйренбедім әлі,- депті. (Айдос 4 жас 9 ай).

\*\*\*\*\*

156. Балабақшамен қоштасу суреттеріне түсіп жатқан Айсұлтанға апайы:

- Қане Айсұлтан күліп түсші, қатты күле ғой.

Айсұлтан:

- Апай күле алмаймын.

Апайы:

- Оқу іс-әрекеті болғанда күлкіңді тыйа алмаушы едің ғой.

Айсұлтан:

- Апай, онда оқу қызметі кезінде түсейікші,- деген екен (Айсұлтан 6 жас 10 ай).

\*\*\*\*\*

157. Ойын кезінде балалар түрлі жемістердің жартысын тауып, қосып атауын айтып жатыр. Алиша құлпынайдың жартысын әбден іздеп таба алмай:

- Апай қараңызшы, құлпынайдың жартысын аю жеп кетіпті,- деп тапқырлық танытқан екен. (Алиша 4 жас 11 ай).

\*\*\*\*\*

158. Өте көп сөйлейтін Нұрیمانға апайы оқу қызметінде қатты ашуланып:

- Нұрیمان сен осы неге көп сөйлейсің, доғар сөзді!, -деп ренішін білдіреді. Сабақ ортасында сұрақтарға жауап беріп жатқан балалардың арасында Нұрیمان үнсіз қалады.

Апайы:

- Нұрیمان үй жануарларын атап берші?

Нұрیمان:

- Сіз сөзді қысқарт дедіңіз ғой, айта алмаймын,- деген екен. (Нұрیمان 6 жас 5 ай).

\*\*\*\*\*

159. Төрт жасар Айшаны жұбата алмай отырған анасы не айтарын білмей аспандағы торғайларды көрсетіп, қарашы қызым:

- Шиқ-шиқ, шиқ- шиқ деп алдаусыратады. Жылауын доғарып, көзін сүргіп Айша:

- Шиқ- шиқ емес, ол торғай ғой,- депті. (Айша 4 жас).

\*\*\*\*\*

160. Әкесі ұлына құлын сатып әкеледі. Барлығы қуанып құлынды қызықтап жатқанда баласы көңілсіз кейіппен:

- Анашым сіз «Құлыным, құлыным» дей беруші едіңіз ғой, әне нағыз құлыныңыз келді,- депті. (Айдар 5 жас 8 ай).

\*\*\*\*\*

161. Өзін- өзі тану оқу қызметінде жақсылық жасау, үлкенге құрмет туралы әңгімелесіп жатқан сәт. Амина орнынан тұрып апай біз үйде анама күнде жақсылық жасаймыз деген екен. Таңырқай қараған апайы, қане айта қойшы қандай жақсылықтар жасайсындар?

Амина:

- Анам әпкем екеумізге мектепке, балабақшаға барып білім алғандарың маған жасаған жақсылықтарың,- дей береді, сонда біз анамызға күнде жақсылық жасайды екенбізғой,- депті. (Амина 5 жас 6 ай).

\*\*\*\*\*

162. Бірде тәрбиеші:

- Сикыршы болып кетсеңдер не істер едіңдер деген сұрақ қояды.

Айару:

- Егерде мен апай (тәрбиеші) болып кетсем, күнде балаларды далада ойнатар едім,-деп өзінің ойынан хабар берген еді. (Айару 5 жас 8 ай).

\*\*\*\*\*

163. Қалада жер асты өткелінің алдына келіп, Шынар анасына:

- Анашым, біз кәзір жердің астымен жүреміз бе?-депті. (Шынар 4жас 9 ай);

\*\*\*\*\*

164. Сұлулық салонында жұмыс істейтін анасына келген тұтынушыны көрген Әмір:

- Мама кірпікші тәте келді,- деді. (Әмір 4жас 4 ай).

\*\*\*\*\*

165. Ән жазу студиясына 6 жасар ағасы бара жатқанын көрген інісі Мирас менде барамын деп қиғылық салды.

Анасы: «Мирас сен онда не үшін барасың?» - деген сұрады.

- Ағам ән айтса, мен қасында билеп тұрамын деп жауап берді. (Мирас 4жас 5 ай).

\*\*\*\*\*

166. Тәтесі:

- Толағай қалада тұратын әжеңнің қал-жағдайы қалай?-деп сұрады.

Толағай:

- Мен оны әлі қарамадым, - деп жауап берді (Толағай 5 жаста).

\*\*\*\*\*

167. Анда-санда сирек келетін немересі Аянға атасы:

- Ой сінбе, сінбе келді!- деген сөзіне Аян мұрынын қысып, сінбіріп көрсетті. (Аян 2 жас 4ай).

\*\*\*\*\*

168. Аиданың бақшаны таптап жүргенін көріп нағашы атасы:

- Бақшаны неге таптайсың? - деген ескертуінен кейін Аида ертесі күні аяқ киімін шешіп жалаң аяқ кіріп таптауын жалғастырды. (Аида 3 жас 9 ай).

\*\*\*\*\*

169. Асқардын көкесі:

- Түсімде тиіндер маңайымда толып жүр екен-дегенді естіген.

Асқар:

- Көке, неге ұстап алып, қамап қоймадыңыз,- депті. (Асқар 5жас ).

\*\*\*\*\*

170. Таза ауада серуенге шыққан Малика анасына:

- Анашым, су құрғаққа (су бұрқақ) барайықшы,- депті. (Малика 5жас 4 ай).

\*\*\*\*\*

171. Әжесінің бақшаға кіріп кеткен бірнеше бұзауды көрген Аиша:

- Апа, біздің шөпті көп сиырдың бөпелері жеп жатыр,- депті. (Аиша 4 жас 8 ай).

\*\*\*\*\*

172. Әжесінен үнемі «Иличтің шамы жарқырайды» дегенді үнемі естіп жүретін Мансұр аспандағы айды көріп:

- Анашым, анау алыстағы «Иличтің шамын» қара! - депті. (Аиша 5 жас).

\*\*\*\*\*

173. Ауылға қонаққа келген Аңсар бұзауын жалап жатқан сиырды көріп:

- Апа, апа сиыр бұзауды жеп қоймай ма? - деген екен. (Аңсар 3 жас 8 ай).

\*\*\*\*\*

174. Балалардың төсегін жинастырып жатқан кезі еді, Ару көмектесейінші деп өтінді, Сонда тәрбиеші:

- Біздің Ару қолқанат қыз болып қапты, - деді.

Мұны естіген Ару:

- Шынар апайменің қолымда қанат жоқ – депті. (Ару 4 жас 9 ай).

\*\*\*\*\*

175. Анасы:

- Қызым сен тіл алмайсың ғой. Қанша рет айттым жылы киін деп-ренжіді анасы.

Сонда Айару:

- Анашым тіл алмасам мені қайтадан балабақшаға апарып тастаңыз. Ол жақта апай бұрышқа қояды,-деген екен. (Айару 5 жас 9 ай).

\*\*\*\*\*

176. Балам бүгін істелетін жұмысты ешқашанда ертеңге қалдырма, - деді анасы.

Дияс:

- Онда қонаққа киетін новий киімімді де қазір кие беруге болама?- деді қуанып. (Дияс 4 жас 3 ай);

\*\*\*\*\*

177. Тәрбиеші апай:

- Балым, маған бала болшы десе, жоқ менің анам жылайды ғой,-деп жауап берген екен. (Балым 3 жас 8 ай).

\*\*\*\*\*

178. Қолына батпақ жұқтырған қызына анасы:

- Мына қолың не?-деп ұрсады.

Сонда Гүлден:

- Маған олай ұрсуға болмайды - деп ренжіп жауап берген екен. (Гүлден 4 жас 9 ай).

\*\*\*\*\*

179. Далада түске дейін жел соқты. Түс кезінде аналары Алина Әмина далаға шығып ойнаңдар!- деді.

Мұны естіген Әмина:

- Мен қазір көріп келемін,- деп далаға шықты да үйге қайта кірді.

Анасы:

- Жел басылды ма екен байқадың ба деп сұрағында:

Әмина:

- Жел жоқ-ау деймін көрінбейді,-деп жауап берді (Әмина 5 жас).

\*\*\*\*\*

180. Әкесі:

- Саған қанша айтса да, бір құлағыңнан кіріп, екінші құлағыңнан шығып кетеді- деп ұрысты.

Мұны естіген Қайсар:

- Екі құлақтың неге қажет екенін біліп алдым- депті. (Қайсар 5жас 6 ай).

\*\*\*\*\*

181. Тәрбиеші:

- Айша аяқ киімнің не деген әдемі маған бересіңбе?-деді.

Айша:

- Жоқ ол Сізге сыймайды деп жылап жіберді. (Айша 2 жас 4ай).

\*\*\*\*\*

182. Ауылдан келген қария есік алдында ойнап жүрген Ерденнен:

- Балам, руың кім? - деп сұрады.

Бөтен адамның балам дегенін ұнатпаған Ерден:

- Мен әжемнің баласымын, - деп жауап берді. (Асқар 4 жас 2 ай).

\*\*\*\*\*

183. Өлтайыр туған күніне достарын шақыратынын айтып мақтанды.

- Қанша досыңды шақыратын едің?- деген әпкесінің сұрағына:

Өлтайыр:

- Алтау. Көп шақырайын десем, анашым баға алмайды ғой, - деп жауап берді(Өлтайыр 5жас).

\*\*\*\*\*

184. Кәрі әжесінің «сәске түс» болды тұрындар балалар! - деп жүретінін жиі еститін Айшолпан ойнап отырып, Жасминге:

- «Кешке түс» болды тұра гой? – депті. (Нұрлан 4 жас 5 ай);

\*\*\*\*\*

185. Далада футбол ойнап, аяқ киімін жиі тоздыратын Аңсарға анасы:

- Футбол ойна ма. Аяқ киімнің тозып қалады, - деді.

Сонда Аңсар:

- Аяқ киімді шешіп ойнасам, аяғым тозып қалмай ма? - деп сұрады (Аңсар 5 жас 6 ай).

\*\*\*\*\*

186. Теледидардан: «Көктем шақырады» концертінің жарнамасын көрген Жасмина:

- Анашым көктем қалай шақырады? оның дауысы да қолы да жоқ болса,- деген екен.

\*\*\*\*\*

187. Балжанға әжесі ойыншық балапан сатып әперді. Оның қызығына батып ойнаған ол ертеңгісін анасына:

- Мама балапаным үрмей тұр-деп дауысын қоса алмаған ойыншығын көрсетті.

\*\*\*\*\*

188. Таңертең ояу жатқан Нұрияға:

Анасы:

- Тұр, әтеш шақырды, — дейді.

Нұрия:

- Анашым төсектен тұрмаған баланы әтеш неге шақырады, — деді (Нұрия 5 жас 8 ай).

\*\*\*\*\*

189. Бананды өте көп жеп қойған Мирасқа:

- Балам неге рұқсатсыз жейсің-деді.

Мирас:

- Мен рұқсат сұрайын десем, олар үндемейді гой!- деп жауап берді. (Мирас 5 жас).

\*\*\*\*\*

190. Тәрбиеші бөбектерден төбемізден не көреміз? - деп сұрады.

- Балалар көк аспан, - деді.

Тәрбиеші:

- Дұрыс.

- Үндемей отырған Ажарға қарап, «Сен не көрдің?»- деді.

Ажар:

- Көп аспан- деп жауап берді.

\*\*\*\*\*

191. Жұмыстан шаршап келген әкесі өз бөлмесіне кіріп бара жатып қызына:

- Аяжан, егер менің телефоныма хабарласса, телефонын ұмытып кеткен әкем жұмыста, - деп айта салшы дейді.

Сәлден соң әкесін іздеп хабарласқандарға Аяжан:

- Әкем үйде жоқ, ұйқтап жатыр, - деп жауап берді. (Аяжан 5 жас 3 ай).

\*\*\*\*\*

192. Алинұр балабақшада анасы үйде дәмді тамақ, бәліш пісіргенін айтып мақтанады.

Тәрбиеші:

- Анаң қандай тағам пісірді-дейді.

Алинұр:

- Бәліш. Оның ішінде ет, барымсақ болады,-депті. (Әлинұр 2 жас 9ай).

\*\*\*\*\*



193. Асылымға әкесі:

- Конфетті неге көп жейсің?-деп сұрады.

Асылым:

- Әкемнің тәтті қызы болу үшін,-деді (Асылым 4 жас 7 ай).

\*\*\*\*\*

194. Әжесінің үйіндегі күйсандықты әкеп беруін өтінген Ғайшаға:

- Жоқ, дарылдатып, мазамды аласың!-деді.

Сонда Ғайша: - Жоқ, мен мазанды алмаймын, тек сен ұйықтағанда ғана ойнаймын, – деген екен. (Ғайша 5 жас 4 ай).

\*\*\*\*\*

195. Әкесінің құрылыс жұмыстары бойынша қабырғаны қырып, қопарып жатқанын көрген Айкүнім:

- Әкем үйдің киімін шешіп жатыр,-деді (Айкүнім 5 жас).

\*\*\*\*\*

196. Анасы биылғы Құрбан айт мерекесі Арудың туған күніне тура келді- дегенді естіген Ару:

- Онда келесі туған күнім жаңа жылда болсыншы? – деп өтініп сұрады. (Ару 4 жас, 5 ай);

\*\*\*\*\*

197. Әкесі сурет салып отырған Әмірдің қасына келіп:

- Машинаны әдемі салыпсың, оның бір дөңгелегі қайда? –деп сұрады.

Сонда Әмір:

- Оны Әлтайыр сындырып салған,- депті. (Әмір 5 жас, 6 ай).

\*\*\*\*\*

198. «Тәтті, тәтті, тәтті Менің балапаным тәтті», – деген әнді естіген Айару анасына:

- Мама сонда осы кісінің баласы кәмпитті көп жеген бе? - деп сұрады. (Айару 5 жас, 2 ай).

\*\*\*\*\*

199. Бірде Айару:

- Анашым, кеше сіз ұрыссаңыз да кәмпитті көп жегенім жақсы болыпты,-деді.

Таңданып қалған анасы:

- Неге олай дейсің, қызым?- деді анасы.

Айару:

- Бүгін маған аулада бір әже мына қыздың «тілі тәтті» екен,- деді.  
(Айару 5 жас, 2 ай).

\*\*\*\*\*

200. Ерденнің анасы күнделікті таңғы аста балаларына сүтке қытырлақ жүгері жармасын қосып береді. Бүгін күнделіктіден ерекше түрін әкеліп, сүтке салып берген анасына Ерден:

- Анашым мынау «қойдың құмалағы» ма? -депті. (Ерден 6 жас).

\*\*\*\*\*

201. Ата-анасының көрші Рахымжан ата туралы «балалары осы кісінің арқасында күн көреді» - деген сөзін естіген Айару бірде әкесіне:

- Әке Сізді далада «арқасында күні бар» ата шақырып тұр, -депті.  
(Айару 5 жас, 2 ай).

\*\*\*\*\*

202. Әкесі үй жиһазын жөндеуге апаруға көмектескені үшін көршісіне артынан ақысын беріп жібереді.

Әкесі:

- Әмір мына ақшаны Самат ағаға бер де рахмет деп айт, -дейді.

Әкесі Әмір келген соң:

- Бердің бе, рахмет айтың ба?

Әмір:

- Ақшасын бердім, рахмет айтпадым.

Әкесі:

- Неге?

Әмір:

- Мен ақша бердім ол кісі маған рахмет айту керек қой,-депті. (Әмір 5 жас, 6 ай).

\*\*\*\*\*

203. Күз мезгілі жел соғып, талдың жапырақтары жерге толықтай түскенін көріп, Әмір үйге жүгіріп кірді де анасына:

- Анашым, талдың жапырақтарын шашып тастапты.

Анасы түсіне алмай:

- Кім?

Әмір:

- Жел. Шайқап-шайқап шашып тастапты, - депті. (Әмір 5 жас, 6 ай).

\*\*\*\*\*

204. Айару 3-4 ай бұрын ауруханада қан тапсырған еді. Бір күні карантин кезінде үйге туысқан тәтесі ақ түсті плащ мен маска киіп келіпті.

Тәтесі:

- Айару қал-жағдайын қалай?

Танымай қалған Айару анасына:

- Анашым мен ауырмадым, конфетте көп жемедім,- депті.

Анасы таңданып:

- Иә, қызым бәрі жақсы,-дейді.

Сонда Айару:

- Қан алатын тәте менен жағдайың қалай?- деп сұрады дептәтесін көрсеткен екен. (Айару 5 жас, 2 ай).

\*\*\*\*\*

205. Әмір атасына келіп:

- Ата менде қашан екі бас болады,- дейді.

Атасы:

- Адамның тек бір ғана басы болады, екі басты адам болмайды- деді түсіндіреді.

Әмір:

- Онда неге Азамат ағама туған күнінде «бір басың екеу болсын» деп,- айтты депті. (Әмір 5 жас, 6 ай).

\*\*\*\*\*

206. Бірде Мирас атасына:

- Ата мен суретші туысқанымызды көрдім,-деді.

- Атасы ол кім болды екен деп, Айбар ма деді.

Мирас:

- Жоқ. Біз жайлауға барғанда суретке түсірген,-депті. (Мирас 5 жас, 6 ай).

\*\*\*\*\*

207. Балабақшадан қуанып келген Айсара анасына:

- Анашым, біз «көп балалы» болдық,-дейді.

Анасы:

- Қалай сонда?

Айсара:

- Ойнағанда ең көп бала біздің топта болды деген екен. (Айсара 54жас, 9 ай).

\*\*\*\*\*

208. Менің қызым не деген тәтті боп кеткен- деді әжесі Айарудың бетінен сүйіп.

Айару:

- Менің анам басымды бас сабынмен (шампунь) жуған, -депті. (Ай-ару 5 жас, 6 ай).

\*\*\*\*\*

209. Телефонист болып істейтін анасын біле ме екен деп:

Ағасы:

- Айкүнім анашым кім болып жұмыс істейді?-деді.

Айкүнім:

- Менің анам телефонда жұмыс істейді? - деп жауап берді. (Айкүнім 4 жас Зай).

---

---

Тасжурекова Ж.Т., Ибатова Г.Б., Оспанова А.С.

БАЛА ТІЛІ-БАЛ.

Мектеп жасына дейінгі балалардың сөздігі

Редакторы *Г. Б. Ибатова.*

Техникалық редакторы *Д. А. Токтарбекова.*

Компьютерлік калыптауы *А. Қабанбаев.*

---

Форматы 60x84\16. Қағазы офсеттік. 2,75 шартты баспа табак.

---

АИБД ҰҒПО, 050008, Алматы қаласы, Байзақов көшесі, 273 А,  
тел\факс 394-45-17, 394-45-07.